

Ертіс өзені қойнауы жөніндегі Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық Мәслихатының шешімі (XXII сессия, 1 шақырылым) 1998 жылғы 18 желтоқсандағы Павлодар облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 11 наурызда N 115 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2008 жылғы 20 маусымдағы N 107/6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2008.06.20 N 107/6 шешімімен.

Ертіс өзені қойнауының бірегей экологиялық жүйесінің биологиялық әртүрлілігін сактау, оны үнемді пайдалану, облыста экологиялық хал-ахуалды сауықтыру және "Облыстағы экологиялық хал-ахуал және Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру бағытындағы осы проблемалардың шешілу жолдары туралы". Павлодар облыстық және қалалық мәслихаттардың 1998 жылғы 27 наурыздағы XIX сессиясының бірлескен шешімінің орындау мақсатымен, облыстық мәслихат шешті:

1. Ертіс өзені қойнауы туралы ереже бекітілсін.
 2. Жергілікті маңызы зор ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесін беру мақсатымен, облыстық экология басқармасының бастығы Ертіс өзені қойнауында ерекше қорғалатын табиғи аумақ құрудың техникалық-экономикалық негіздемесі жобасының жасалуын қамтамасыз етсін.
 3. Қала, аудан және селолық округтер әкімдеріне, облыстық ауыл шаруашылығы департаментіне, жер ресурстарын басқару жөніндегі облыстық комитетке, облыстық санитариялық-эпидемиологиялық станцияға және облыстық экология басқармасына Ертіс өзені қойнауы туралы Ереженің орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.
 4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың экология мәселесі жөніндегі тұрақты комиссиясына (В.Степура) жүктелсін.
- Облыстық Мәслихаттың XXII сессиясының төрағасы
Облыстық Мәслихаттың хатшысы
1998 жылғы 18 желтоқсандағы
облыстық Мәслихаттың XXII сессиясының шешіміне N 1 қосымша

1 . Ж а л п ы е р е ж е

Өсімдіктер дүниесі және жануарлар әлемі байлығымен, жер бетінің көрінісімен ерекшеленетін жалпы көлемі 375 мың гектар Ертіс өзенінің қойнауы бірегей табиғи кешен болып есептеледі. Оның су жайылатын шабындық жері облыстың мал шаруашылығының негізгі азықтық базасы. Аймақтың тұрақты дамуы үшін тіршілік қажетінің қайнар көзінің кепілдемесі - бұл қойнау пәрменді әлеуметтік фактор болып саналады және бірыңғай экологиялық жүйені құрастырады, сондықтан оның табиғи тепе-тендігін, бұл тірі организмнің бірлесіп әрекет ету механизмін бұзу күтпеген жағдайларға әкеп соқтыруы мүмкін . Шаруашылық мақсатында оны жүйесіз пайдаланудан қойнау кешенінің биологиялық өнімділігі күрт төмендейді, өсімдіктердің бағалы түрлері, ормандар жойылады, көптеген участкерді талдар мен бұтақтар басады, жер қыртысының

кұндылығы кемиді .

Ертіс өзенінің қойнауы ерекше мемлекеттік қорғауды қажет етеді. 1997 жылғы 15 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заң проблемаларды шешіп, Ертіс өзені қойнауына ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін береді .

Ертіс өзені қойнауында қалыптасқан жағдай шаруашылық қызмет тәртібі туралы ережені бекіте отырып, оны пайдаланудың ережесін белгілеуді қажет етеді .

Осы Ереженің мақсаты қызметтің белгілі бір түрлерін шектеу немесе тыйым салу жолымен, табиғатқа бұза-жара араласуды, оны ұқыпсыз пайдалануды шектеу және оның экологиялық объектілерін көркейту және қалыпқа келтіру шараларын жүргізу арқылы Ертіс өзені қойнауын шаруашылық мақсаттарға пайдаланудың ережелерін сақтау болып табылады.

2. Ертіс өзені қойнауына суды босатудың реті

Өзен алқабындағы көктемгі су тасқыны және "Жоғарғы-Ертіс су қоймаларынан су ресурстарын пайдаланудың уақытша ережесіне" сәйкес Жоғарғы Ертіс гидроторабтардан арнайы суды босату Ертіс өзені қойнауының табиғатты құрау факторлары болып есептеледі.

Ертіс бассейні су шаруашылығы бірлестігі және оның Павлодар аумақтық басқармасы Павлодар облыстық гидрометеорология орталығымен және ауыл шаруашылығы департаментімен бірлесе отырып, табиғатты қорғау үшін Ертіс өзені қойнауына арнайы суды босатумен қамтамасыз етеді және оған бақылау жүргізді .

Ертіс бассейні су шаруашылығы бірлестігінің Павлодарлық басқармасы су тасқыны басталғанша Ертіс өзені алабындағы су ағымын болжап, хабарлама мен мәліметтерге анализ жасайды және су тасқыны кезінде Ертіс өзеніндегі су жіберу реті туралы ұсыныс жасайды. Табиғи аумақтың қойнауына судың жайылуына

бақылау

жасап

отырады.

Қойнауға суды босату жөніндегі шараларды жүргізу үшін Ертіс су шаруашылығы бірлестігінің Павлодарлық басқармасының сметасына сәйкес су ресурсы комитеті қажетті қаржыны бөледі.

3. Қойнауда өртті болдырмау

Өрт қойнауға, оның өсімдіктер дүниесіне, жануарлар әлеміне, жердің құнарлы қыртысына үлкен зиян келтіреді. Қазіргі кезде қауіпті жағдай туғызып отырған қойнаудағы жердің өртелуі шаруашылықтағы жауапсыздықтың күесі. Қойнаудағы болған әрбір өрт жағдайы кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тексерілуі тиіс.

Аудан және селолық округтердің әкімдері, өрт сөндіру қызметі және олардың же р-жердегі орнадары;

орман, балық және аң шаруашылығының облыстық басқармалары;
облыстық экология басқармасы;
облыс бойынша жер ресурстарын басқару комитеті қойнауды өрттен корғауды қамтамасыз етеді.

Ертіс өзені қойнауында болған әрбір өрт жағдайы өрт инспекциясының аумақтық органдарында, аудандық, селолық округтері әкімшіліктерінде, облыстық экология басқармасында, орман, балық және аң шаруашылығы басқармаларында тіркеуге алынып, актілер салынуы қажет.

Қардың еру және өзеннің жайылуы кезінде олар қойнаудың барлық аумағында жыл сайын тексерулер жүргізеді, жерді пайдалану жоспары бойынша барлық өртенген участекелер есепке алынады, актілер салынады.

Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет әрбір аудан, селолық округтер бойынша әрбір жер иегерлеріне (жерді иеленушіге) тиесілі шекаралары белгіленген карталармен қамтамасыз етеді. Бұл құжаттар жер иегерлерін (жерді пайдаланушыны) жерден айыру немесе оған жердің бір бөлігін немесе толық бір участекін пайдалануға беру, немесе кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы мәселелерді қарастыруға негіз болады.

Жер иегерлері, жерді пайдаланушылар күзетті және патрульдік қызметті күшету арқылы жердің өртенуін болдырмаудың алдын алады. Ішкі істер басқармасының органдары бұл істе белсенді көмек көрсетеді. Қар еру мен өзеннің суы жайылу кезінде облыстың жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет пен облыстық экология басқармасының рұқсатынсыз қойнауға баруға тыйым салынады.

4. Шөп шабу айналымы ұдайы өндірісті қамтамасыз ететін және азық ресурсының сапасын жоғарылататын маңызды агротехникалық әдіс болып саналады. Қойнау участекелерінің барлық жерді пайдаланушылары тұқым үшін жалдарды қалдыра отырып шөп шабу айналымының тәртібін қамтамасыз етуі

қажет. Жаңа агрокұрылымдар (өндірістік кооперативтер, шаруа қожалықтары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) қойнаудағы шөп шабу айналымының жаңа сыйбаларын өз қаражаты есебінен сұраныс жасатып дайындаиды.

Бұл жұмыстың жағдайына "Павлодар НПЦзем" мемлекеттік еншілес кәсіпорны бақылау және мерзімінде хабарлама жасайды. Шөп шабу айналымындағы тәртіп бұзушылығы қойнаудың жерін тиімді пайдаланылмаған деп, қаралып, жерді пайдаланушылар жерден айырылу мүмкіндігіне дейін барады.

5. Ертіс өзені қойнауда:

- жерді жыртуға және басқа да бұзушылық жасауға тыйым салынады. Қойнаудың жыртылған барлық жеріне ғылыми және жоба жасау мекемелерінің тиісті жобалары бойынша көгалдандыру мақсатымен қажетті мәдени-техникалық жұмыстар жүргізуі тиіс. Жыртылған жердің шығынын жерді пайдаланушылар көтөреді.

- 2001 жылдан бастап, малдардың барлық түрлерін жаюға тыйым салынады.

- 1998 жылғы 13 тамыздағы "Ертіс өзені қойнауда малдың бетімен жайылуына тыйым салу туралы" облыс әкімі шешімінің шарты бойынша, селолық округтерге жалпы пайдалануға берілген жерлерде 2001 жылға дейін малды жаю тәртібі енгізіледі.

- су ағымдарын, кішігірім өзендерге арнайы жобалау - зерттеу жұмыстары жүргізілмей тосқауыл, бөгет қоюға, сонымен қатар кішігірім өзен, көл суларын суғарымға пайдалануға тыйым салынады.

- Өзеннен кемінде 1 км-ге дейін қойнау шекарасында қоқыстарды, көң үйінділерін, минералды тыңайтқыштарды, гербицидтерді және басқа улы химикаттарды жинауға тыйым салынады. Бар үйінділер, складтар және фермалар жойылуы тиіс;

- облыстық экология басқармасының мамандарымен келісілген препараттардан басқа улы заттарды пайдалануға;

- өз еркімен ағаштарды кесуге;

- белгіленген жолдар мен су қатынасы жолдарынан басқа жерлерде механикаландырылған көліктің жүруіне;

- шабындық жерлерде және суды қорғау зоналарында автомобилдерін жууға;

- қатпаған жер бетінде шөпті, ағашты және басқа құралдарды сүйретуге;

- арнайы жобалау мекемелерінің жобасынсыз жерді қайта өндеуге;

- түрлері, мерзімдері, енгізу әдістері бойынша ғылыми негізделген ұсыныстардың тәртібін сақтамай минералдық тыңайтқыштарды шашуға тыйым салынады.

6. Суды қорғау аймақтары мен белдеулерін бекіту жөніндегі шаралар 1995

жылғы 27 қантардағы "Су қорғау аймақтары мен беделдері туралы" N-102 Ережеге орай белгіленеді.

7. Облыстық экология басқармасымен, облыс бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетпен, орман, балық, және аң шаруашылықтарының облыстық басқармаларымен, Ертіс бассейні су шаруашылығы бірлестігінің су ресурстарын қорғау жөніндегі инспекциясымен, санитариялық-эпидемиологиялық қызметімен келісіліп отырып жүргізілетін шарапалар:

- мәдени техникалық, мелиоративтік жұмыстар жүргізу, экологиялық сараптаудан өткен жобалар бойынша батпақты алқаптарды кептіру және тазалау;

- іздену жұмыстарын жүргізу және пайдалы кен көздерін игеру;

- қойнау аумағын орман, құм, және басқа материалдарды түсіру үшін пайдалану. Бұл мақсаттар үшін жерді бөліп беру қайта өндөлген жерлерге ғана
Рұқсат б е р і л е д і ;

- су қоры объектілерінде тереңдетіп қазу және де тасты құмды су астынан шығару жұмыстарын жүргізу;

- қойнау аумағын рекреациялық мақсатта тұрғындардың пайдалануы;

- қойнау аумағын құрылымын жұмыстарын жүргізуге беру, соның ішінде демалыс үйлері, балалар лагерлеріне беру;

- көл, кішігірім өзен жағалауларында қамыс шөпті шабу.

8. Шабындық жер иегерлері өсімдік, ағаш ауруларына, зиянды жәндіктерге қарсы құрес жүргізу мақсатымен қажетті шаралар ұйымдастырады, төмпешікті, бұталы жерлерде азық өнімділігін жақсарту үшін қажетті мәдени-техникалық жұмыстар жүргізеді, мемлекетпен қорғалатын аумақтар мен табиғи объектілер орналасқан қойнау жерлерде табиғатты қорғау жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

9. Қойнаудың биологиялық зандарын тереңдете зерттеу мақсатымен қойнауды зерттейтін барлық ғылыми-зерттеу, тәжірибе жүргіzetін және жобалау мекемелері бірыңғай жоспармен жұмыс істейді. Облыстық экология басқармасымен келісіле отырып, қойнау ресурстарын өнімді пайдалану жөнінде ұсыныстар жасайтын облыстық ауыл шаруашылығы департаменті үйлестіру жұмысымен айналысады. 10. Осы Ережені орындауға байланысты қаржыландыру жұмысы шабындық жер иегерлері жүргізеді, сонымен қатар бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. 11. Осы Ережені бұзу жаупкершілігі іс жүзіндегі зандылықтарға сәйкес жүргізіледі. орын. А.Татарков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК